


«Келісемін»
«Керемет» бастауыш мектеп-
балалық бағдарламасы ЖШС-і
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Бимырзаева А.М.



ТӘРБИЕ САҒАТ

Тақырыбы: Аяулы күз, Алтын күз!

Сынып жетекшісі: Қожакелді Мәдина

Сынып тәрбиешісі: Каракулова Акиур

2019-2020 оқу жылы

Тақырыбы: «Аяулы күз, Алтын күз!»

Мақсаты:

1. Өлі және тірі табиғатпен байланыс, табиғаттың алуан түрлі құбылыстары мен тылысым тірлігін зерделеу.
2. Табиғатты аялауға, күтуге деген сезімдерін ояту, қоршаған ортаны экологиялық талаптарға сай күтуге дағдыландыру, салауатты өмір салтын сақтай білуге тәрбиелеу.
3. Табиғатты білуге деген құлшыныстарын арттыру және шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.

Тәрбие сағаты оқушылардың күз тақырыбындағы тақпақтарынан басталады.

Дамир

Ой, балалар, балалар,

Қоңырқай күз болыпты.

Қурап жапырақ солыпты.

Ел егінін орыпты.

М.Аян

Көк аспанның мөлдiреп,

Алтын күзім елжіреп.

Асыр салып жүре бер,

Сары көйлегің желбіреп.

Айзере

Жайдары күз, жарқын күз,

Аяулы күз, алтын күз.

Дәнге толы ен далам,

Дариядай шалқып жүр.

Нұрмұхаммед

Алтын, сары, қызыл, көк.

Алуан-алуан жапырақ.

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады жалбырап.

Ой, алақай, тамаша,

Шашу шашты жапырақ.

Айша: (жүргізуші)

Күз де келді, алтын дәнін сапырып

Күз де келді, той – думанды шақырып

Күздің күні алтын нұрын шашады

Жердің жүзін шұғылаға батырып

Армысыздар, құрметті қонақтар!

Бармысыздар, жадыраған жас достар!

Берекелі, мерекелі алтын күз, құтты болсын!

Бүгін, балалар күз мерекесіне деген, қуаныш сезімдерін ән жолдармен, тақпақтармен былай жеткізбекші.

Қасымхан: (жүргізуші)

Қарашы күз келді, күз келді

Сары алтын жауыпты іздерді

Құс біткен керуенін түзеді

Қара бұлт қабағын түйеді

Береке бақ дарыған

Жомарт көңіл жарқын күз
Сары алтынга малынған
Жетті міне, алтын күз

Айша: (жүргізуші)

Дәм атасы - ақ нан
Дастарханның басында
Үмітіндей ақталған
Мен де отырам қасыңда – дегендей осы нанның дастархан басына қалай
келетінін білейік. (видео)

Қасымхан: (жүргізуші)

Жиып-теріп болатын,
Қамбаға астық толатын,
Қызыл қырман оайнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсың?
Шөп сарғайып,
Өңі тайып,
Дала сұры қашады.
Бой жаза алмай,
Ойнай алмай,
Денен мұздап тонады
Айтшы кәне, бұл қай кезде болады?

Айша: (жүргізуші)

Достар, біздің мерекеге не жетіспей тұр деп ойлайсыңдар!

Алтын күз! (оқушылар)

Алтын күзімізді, қошеметтеп қол соғып, қарсы алайық.
Жомарт көңіл жарқын күз
Берекесі елімінің
Қош келіңсің, жомарт күз
Құт қонағы төрімің!

Балауса: Алтын күз

Мейірлі күз, мырза күз.
Сыйлығына ырзамыз.
Аппақ арай таңында,
Шомыламыз нұрға біз.
Ой, алақай, тамаша,
Жабырқайды жапырақ.
Алтындай боп жарқырып,
Шашу шашты жапырақ.
Балалар, айтыңдаршы, табиғаттың осы келбеті ұнай ма?

Анарка: Ән: «Қыз бала гүл»

Айша: (жүргізуші)

Армысың, Алтын күз, армысың!

Жайқалған шуақ таңбысың.

Еңбекке жинап, ел-жұртты.

Мезгілсің өзің ең құтты.

-Алтын күз, сізге арнаған достарымыздың сый құметін көріңіз. өзің берген ыртықты өзіңізге арнаймыз.

Оқушылар такпақтары:

1 оқушы: Гүлсезім

Заңғар көкке жол сызып,

Құстар қайтып барады.

Бұл құбылыс тек қана

Күзде ғана болады.

Жеміс пісіп, қамабаға,

Алтын астық толады.

Бұл құбылыс тек қана

Күзде ғана болады.

2 оқушы: Мейірбан

Асыр салып жүретін,

Сары көйлегім желбіреп.

Жайдары күз, жарқын күз

Аяулы күз, алтын күз.

3 оқушы: Алинур

Шоғы толған гүлдей жайнап

Жарқырады Алтын күз

Сайраңдап күліп ойнап

Келіп кетті қыркүйек

4 оқушы: Ернархан

Қазан айы молшылық

Дәулет қорын қалады

Заңғар көкке қол созып

Құстар ұшып барады

5 оқушы: Нұрғали

Құстар қайтты қыс болды

Сұр бұлт жапты аспанды

Жапырақ түсіп, гүл солды

Қараша ызғары басталды

6 оқушы: Азамат

Бұлттанып заңғар аспаным

Толтырды жасқа жанарым

Құстар да қайта бастады

Суықтың сезіп хабарын

7 оқушы: Нұрсұлтан

Жайдар күз, алтын күз

Аяулы күз, алтын күз

Дәнге толып ең далам

Дариядай шалқыған

Қамба толды астыққа

Алғыс саған Алтын күз!

Бір уыс дән шаштық та

Қап-қап бидай алдық біз

Алақай, алақай

Шаттанды балақай

Күз түсті, дән пісті-

Айтамыз алғысты

Балалар күзде қандай айлар бар?

(оқушылар күзігі көкөніс, жемістерді сахналайды)

Қасымхан: (жүргізуші)

Олай болса, «Көкөністер дауы» қойлымын тамашалаңыздар:

1. Сәбіз: Ә. Аян

Менің атым-сәбіз,
Маған шын сеніңіз,
Дәрумендер толы бойымда,
Сенбесеңіз, жеңіз.
Мен адамға ең қажеттімін
деп ойлаймын.

2. Қызылша: Жанайым

Ақ түсім бар қант алар,
Қызыл түсім-қанға нәр.
Ал, балақай, біліп қой,
Қызылшамын пайдам бар.
Сәбіз, сененде қажетті менмін.

3. Қызанақ : Назерке

Тал шыбығым бұралып,
Бақшаларда қызарып.
Тұрған ол мен-қызанақ,
Күнге қарап ұялып.

4. Орамжапырақ : Наркыз

Дауласқаннан қызанақ,
Қызылшалар қызарған.
Бақшаларда тізіліп,
Қаперсіз мен жатамын.
Қабат-қабат киініп,
Орамжапырақ атандым.
Мен неге осы үндемей қалдым.
Менде керекпін. Не сонда
үндемегенге мен жалғыз қалады
деп тұрсыңдар ма?

5. Картоп: Медетхан

Ой, достар, тыңдаңдар.
Еш асығыс қылмаңдар.
Картоп-менің атым,
Жер астында жатырмын.
Бір тамырдан таралған,
Көп ағайынды батырмын.

6. Қияр: Айшабибі

Қияр деген атым бар,
Жасылданған түсім бар.
Түрлі асқа қосылып,
Дәмін ашар өнім бар.
Достар, менде қажеттімін.

7. Сәбіз: Ә. Аян

Әй, қияр менің тілімді сен әбден
қышытың ғой. Барлық суды бізден

көп ішкен сен емессің бе? Суга
бөккен түрің құрысын. Менен әрі
тұр. **8. Пияз: Құлбек Ісжу**
Жер бетіне мен келдім,

Шартапратты сарғайтып.
Шуламаңдар достарым,
Ойланыңдар, байыптап.
Пияз өзі- асылы,
Жүр қулығын асырып.
Көрсетпейді сақалын,
Топыраққа жасырып.
- Адамдардың ең сүйікті асы мен
шығармын. Суды көп
қажетсіңбеймін. Ал сендер, көп
күтімді қажет етесіңдер.

9. Баклажан: Рауан

Дауды қойып, достар-ау,
Маған сөзді берсең-ау.
Күзді күтіп жатырмын,
Жиып нәрді бойыма.
Баклажанмын, жараймын.
Салат жасап қоюға.
- Әбден шудан жалықтым. Мені
кашан қазып алар екен. Пияз сен
несіне керексің. Жесе аузың,
аршысаң көзің ашиды. Қараш өзін.

10. Қызанақ: Назерке

Ой, достар қойыңдаршы. Сендерге
не болды? Бәріміз де керекпіз.
Сәбіз сен үнемі сондайсың? Сенде
аз су ішіппең. Не болды? Санасып.
Қойыңдар, қәне. Сенде бар
дәрумен менде де бар.

Көкөністер: Дауласқаннан еш
нәрсе шықпас.
(есік қағалады)

11. Баклажан: Рауан

Біреу есік қағып тұр,
Сыртта біреу келіп тұр.

12. Айболит: Заңғар

- Дәмер
Әрине бұл менмін ғой,
Таңданғаның жөн бекі.

13.Пиыз:Күлбек Ішжу

Айтыңызшы дәрігерім,
Адамға ең қажетті қайсысымыз?

14.Айболит:Занғар

Дені сау болуы үшін адамның,
Бәрің қажет, бәрің де керексің.
Сондықтан да достарым,
Дауласпаңдар, татулаңсан
қайтесің.

Ешқашанда бөлінбеңдер, өйткені.
Достық деген ең маңызды
білгейсің

15.Сәбіз:Ә.Аян

Енді түсінген жайым бар,
Барлық емге дәрімізде дәруміз.
Сондықтанда дауды бастаған мен
едім,
Кешіріңдер, енді қайталамаймын
демекпін.

Алтын күз:Балауса

Ағаштардан жамырап,
Үшты кенет не?

Оқушылар: Жапырақ!

Айша: (жүргізуші)

Жайқалған, нәзік жапырақ,
Куншуакта маужырап.
Жер бетіне жайылдың,
Бейне кілемдей атырап

«Жапырақтар» биі

«Жапырақтар» ойыны

Шарты: екі командада 5 баладан ойыншы болады. белгі берілгенде олар жылдам жапырақтарды жинап үлгеруі керек, кім көп жинаса сол жеңіске жетеді.

Жұмбақ

Мен сендерге жұмбақтар жасырам сендер қолдарыңды көтеріп жауап бересіңдер. Кім көп табады екен.

1. Бұл не деген көп киім,
Жетпіс қабат көп киім.
Жаңбыр одан өтеді,
Түймелеуге жетпейді.

(қырыққабат)

2. Бакшаның алып жемісі,
Қайнамай піспес келісі.
Қоңыр күзде сақтайды,
Сары майдай ел іші.

(асқабақ)

3. Дала тегіс сарғайды,
Шаруа қысқа қамдалды.
Күн қысқара бастады,
Таута тұнғыш қар жауды.

(күз)

5. Жер бетінде шашы бар,
Жер астында басы бар.

(сәбіз)

7. Бір сабақта көп түйме,
Жей алмайсың көк күйде.
Санап кара қанша,
Оның аты ... (Шие)

4. Іші жұмсақ, сырты қатты,
Еті қызыл, сүті тәтті.
(қарбыз)

6. Жаз да жылдам өтіпті,
Күн суытып кетіпті.
Киейін деп сондықтан,
Алып қойдым етікті.
(күз)

Мүғалім: Жарайсыңдар! Барлық жұмбақты шештіңдер, енді кезекті ойынға берсек.

«Көженің көкөкністері» ойыны.
(кострьюльге көже пісіруге қажетті көкөкністерді жинайды)

Шарты: ортаға 1 қыз, 1 ұл ойыншы шақырылады. Олардың қолдарына көкөкністер суреттері беріледі, олар содан қандай тағам дайындауға болатынын айтып, ыдысқа салады.

Оқушылар такпақтары:

1 оқушы: Райяна
Бүгін мейрам, бүгін той
Қуаныш күн біліп қой
Күзгі бақтай сыңғырлап
Алақанды соғып қой

2 оқушы: Анарка
Күз келді, сары күз келді
Тау ызғарлы түз желді
Тңраулатып аспанда
Тырналарын тізді енді

3 оқушы: Ернир
Қуандырып біздерді,
Мерекелі күз келді.
Кел жемісті алтын күз,
Кемелденсін хақымыз.

4 оқушы: Акерке
Қызыл қырман басында

Ақ бидайды сапырған
Дикандардың қасында
Күз есепші отырған

5 оқушы: Қуандық Инжу
Ашылып күз құшағы
Жүрді еріп бізбенен
Жапырақтар ұшады
Жез алқадай жүздеген

6 оқушы: Асаналі
Құсттар қайтты ән салып,
Бұлт шарлады аспанда,
Қыс келеді жар салып
Күзгі суық басталды.

7 оқушы: Нұралі
Қарашы күз келді, қарашы күз келді
Жапырақ жауынты іздерді
Құс біткен керуен тізеді,
Қара бұлт қабағын түйеді.

Балауса: Алтын күз: Қазір біз сендермен «Күз белгісі неде?» деген ойын ойнаймыз. Мен күз мезгіліне байланысты сөздер айтамын, сендер аяқтайсыңдар

-Күзде жапырақтар(сарғаяды).

-Күзде күн(суып, жаңбыр жауады).

-Күзде құстар(жылы жакқа ұшып кетеді).

-Күзде жемістер мен көкөністер.....(піседі).

-Рақмет, балғын оқушылар! Сендерге өзімнің алып келген сыйлығымды үлестірейін.

(Бәріне Күз өз сыйлықтарын үлестіреді)

Қасымхан: (жүргізуші) Құрметті қонақтар, мейірімді Алтын күз. Осындай мерекенің шуағын келтіріп, біздің тәрбие сағатымыздың тамашалағандарыңызға көптен көп рақмет айтамыз. Барлықтарыңыздың дастарқандарыңыз берекелі, әр шуақты күндеріңіз мерекелі болсын.

Қасымхан Айша: Келесі кездескенше Сау болыңыздар!